

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 32 (9609)

1955 жылғы

15 февраль Сейсенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Советтік Социалистік Республикалар Одағының 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы Заң (1-бет).

Облыс партия активінің жыйналысы (2-бет).

СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН ДЕНДІ: Көтеріңкі міндеттеме. Еңбегімізбен бейбітшілік үлес қосамыз. Вагоншылар митингісі. «Комсомолка» фабрикасында. (2-бет).

КОММУНИСТЕР МЕН ПАРТИЯДА ЖОҚТАР БЛОГІНІҢ ҚАНДИДАТТАРЫ: Ә. Сүлейменов. —Оны өсірген—қажырлы еңбекші (3-бет).

ҚОҒАМДЫҚ ӨСІСКЕ ӨЗІРЛІКТЕ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫЛАРҒА

ТҮНДЕЛІК! И. Рыбаков.—Жөндеу жұмысы тез, сапалы орындалуға тиіс. С. Темірбаев.—Өткен жылғы кемшілік қайта талқасын. Б. Жақыпов.—Қызу өзірлік (3-бет).

М. Тарасов.—Россия Федерациясы Советтердің сайлауы қарсаңында (3-бет).

Белорусс искусствоы мен мәдениетінің Москвадағы оянуы (4-бет).

Аса көрнекті жазушы-демократ (4-бет).

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ СЕССИЯСЫ ТУРАЛЫ ШЕТЕЛ ШЕҢБІРЛЕРІ (4-бет).

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді еселеп арттырайық

Партия мен Үкметіміз мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді халықтың тамақ өнімдеріне, өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең тілектерін ең таяудағы жылдар ішінде қанағаттандыру дәрежесіне жеткізуді социалистік ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық ұйымдарының алдына ең негізгі және басты міндет етіп қойып отыр.

Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға қажетті мүмкіншіліктер барлық колхоздар мен совхоздарда бар екендігі, қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендету үшін партиямыз бен үкметіміз тарапынан барлық мүмкіншіліктер мен жағдайлардың жасалғандығы, мал шаруашылығы өнімділігін еселеп арттырудың мол резервтері бар екендігі СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысында атап көрсетілді.

Біздің облысымызда мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді еселеп арттыруға қажетті мүмкіншіліктердің барлығы да бар екендігін алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың жұмыс тәжірибелері айқын көрсетіп келеді. Өткен жылы облыстың бірқатар колхоз, совхоздары сауын сы йырлардың құнарлылығын арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Мамлют, Тоқшын, Чистов совхоздары сыйырлардан сүтті жыл сайын көп сауып, сүт сауу жөніндегі жоспарды үнемі артығымен орындап келеді. Мамлют совхозында әрбір сыйырдан бір жылда сауылған сүт мөлшері 4 мың килограмм болып отыр. Ал осы совхоздың Анохина, Есенова, Горамыкина жолдастар сияқты алдыңғы қатарлы сауыншылары бұдан да жоғары көрсеткіштерге ие болды. Петропавл ауданындағы Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің сауыншылары да өткен жылы әрбір сыйырдан 2 мың килограмнан артық сүт алды.

Тағы бір мысал келтірейік. Преснов ауданындағы Сталин атындағы колхозда соңғы жылдар бойы сауын сыйырлардан сүт аз алынып келді. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы сыйырлардан сүтті мол алу жөнінде шаралар белгілеп, барлық малшыларды осы шараларды жүзеге асыруға жұмылдырды. Колхозда ең ал-

былады. Сол сияқты, сыйыр малын, қойды жайып бағуды, азықтандыруды жақсарту, құс шаруашылығын өркендетуді күшейту—мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді еселеп арттырудың басты шарттарының бірі.

Колхоздар мен совхоздар мемлекетке ет есебіне тапсыратын малды ерекше күтімге алып, оны семіруге айрықша көңіл бөлуге тиіс. Өйткені мемлекетке ет есебіне тапсырылатын малды семірту колхоз, совхозға да, сол сияқты мемлекетке де көп пайда келтіреді. Бірақ тәжірибеле кей жерлерде жағдай бұлай болмай жүр.

Мемлекетке міндетті жоспар бойынша ет есебіне тапсырылатын малдар көзірден бастап ерекше күтімге алынуға, бұл жұмысқа таңдаулы малшылар бөлінуге тиіс. Ол малдар құнарлы азықтармен азықтандырылуы керек.

Жүн—аса бағалы шикізат. Олай болса, жүн өндіруді еселеп арттыру—облыс колхоз, совхоздарының алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Бұл міндетті табыспен жүзеге асыру үшін биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойларды өсіру мейлінше күшейту қажет. Бұл жөнінде Булаев және Конохов аудандарының колхоздары едәуір жұмыстар істеді. Осы аудандардың көпшілік колхоздарында биязы жүнді және жартылай биязы жүнді қойлар өсіріледі. Бұл аталған аудандардың колхоздарында қой шаруашылығының табысын арттыруға мүмкіншілік беріп отыр.

Бұл күндері облысымыздың колхоздары мен совхоздары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудағы ең шешуші және жауапты кезеңді бастан өткізуде. Бұл—мал қыстату маусымы. Көзір барлық күш-мүмкіншілік мал қыстату маусымын үлгілі өткізуге жұмсау керек. Алайда облысымыздың Мамлют, Соколов, Октябрь, Приеним аудандарында мал қыстату мәрте қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр.

Әрбір фермада мал күтімін жақсартуға, әрбір жас төлді аман сақтауға жетісу—колхоз басқармаларының, совхоз дирекцияларының, ауылшаруашылық мамандарының, жергілікті партия және совет ұйымдарының бірінші міндеті.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы

ЗАҢ

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1.

1. статья. ССРО Министрлер Советі тапсырған ССР Одағының 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті Одақ Советі мен Ұлттар Советінің бюджет комиссияларының баяндамалары бойынша қабылданған өзгертулермен бірге, атап айтқанда: кірістері жағынан барлығы 590.192.622 мың сом және шығыстары жағынан барлығы 563.482.491 мың сом болып, кірістері шығыстарынан 26.710.131 мың сом арттырылып бекітілсін.

2. статья. ССРО-ның 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардан түсетін кірістердің жалпы сомасы 497.320.182 мың сом болып белгіленсін.

3. статья. ССРО-ның 1955 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінде халық шаруашылығы қаржыландыруға жұмсалатын қаржы 222.349.364 мың сом, оның үстіне, кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың өз қаржысы есебінен 112.886.280 мың сом, барлығы—335.235.644 мың сом мөлшерінде белгіленсін.

4. статья. Ауыр өнеркәсіпті оған әрі өркендету—қара және түсті металлургияны, электр станцияларын, көмір, мұнай, химия өнеркәсібін, машина жасау, ағаш және қағаз өнеркәсібін, құрылыс материалдары өнеркәсібін және ауыр өнеркәсіптің басқа салаларын, сол сияқты құрылыс индустриясын оған әрі өркендету жөніндегі шараларды қаржыландыруға бюджеттен жұмсалатын қаржы 1955 жылға 301.198.006 мың сом, оның үстіне; кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың өз қаржысы есебінен—62.406.600 мың сом, барлығы—163.604.606 мың сом мөлшерінде белгіленсін.

5. статья. Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету, тың және тыңайған жерлерді иеру, машина-трактор станцияларының материалдық техникалық базасын нығайту жөніндегі шараларды қаржыландыруға, совхоздар ұйымдастыруға және ауыл шаруашылығы жөніндегі басқа шараларға бюджеттен жұмсалатын қаржы 1955 жылға 55.095.865 мың сом, оның үстіне кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың өз қаржысы есебінен—10.095.340 мың сом, барлығы—дайындау ісіне жұмсалатын қаржыны есептегенде 65.191.205 мың сом мөлшерінде белгіленсін.

6. статья. Халық тұтынатын товарлар өндіруді оған әрі арттыру және товарлардың сапасын жақсарту жөніндегі шараларға, сонымен қатар сауда ұйымдарының жұйесін ұлғайтуға 1955 жылға 27.935.287 мың сом, соның ішінде бюджеттен—11.448.447 мың сом және кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың өз қаржысы есебінен—16.486.840 мың сом қаржы жұмсау бекітілсін.

7. статья. Темір жол, теңіз, өзен, автомобиль, әуе транспортын және байланыстың барлық түрлерін қаржыландыруға бюджеттен жұмсалатын қаржы 1955 жылға 22.952.176 мың сом, оның үстіне, кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың өз қаржысы есебінен—17.517.260 мың сом, барлығы—40.469.436 мың сом мөлшерінде белгіленсін.

8. статья. ССРО-ның 1955 жылға арналған бюджетінде әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалатын қаржының жалпы сомасы 146.989.721 мың сом мөлшерінде белгіленсін. Әлеуметтік-мәдени шаралардың жеке түрлеріне жұмсалатын қаржы мынадай мөлшерде белгіленсін:

а) оқу және мәдениет жөнінде—жалпыға бірдей оқудың бастауыш, жетіжылдық және орта мектептеріне, техникумдарға және басқа арнаулы орта оқу оры-

Республикасы	3.751.466	3.751.466
оның ішінде: республикалық бюджет	3.196.026	1.372.282
жергілікті бюджеттер	555.440	2.379.184
Қазақ Советтік Социалистік Республикасы	10.122.947	10.122.947
оның ішінде: республикалық бюджет	9.291.692	7.370.264
жергілікті бюджеттер	831.255	2.752.683
Грузия Советтік Социалистік Республикасы	2.636.753	2.636.753
оның ішінде: республикалық бюджет	2.214.045	1.114.608
жергілікті бюджеттер	422.708	1.522.145
Азербайжан Советтік Социалистік Республикасы	2.334.693	2.334.693
оның ішінде: республикалық бюджет	2.012.371	1.136.248
жергілікті бюджеттер	322.322	1.198.445
Литва Советтік Социалистік Республикасы	1.644.514	1.644.514
оның ішінде: республикалық бюджет	1.444.085	811.235
жергілікті бюджеттер	200.429	833.279
Молдаван Советтік Социалистік Республикасы	1.315.328	1.315.328
оның ішінде: республикалық бюджет	1.095.970	582.069
жергілікті бюджеттер	219.358	733.259
Латвия Советтік Социалистік Республикасы	1.656.421	1.656.421
оның ішінде: республикалық бюджет	1.273.721	835.875
жергілікті бюджеттер	382.700	820.546
Қырғыз Советтік Социалистік Республикасы	1.207.778	1.207.778
оның ішінде: республикалық бюджет	1.051.944	560.341
жергілікті бюджеттер	155.834	647.437
Тәжік Советтік Социалистік Республикасы	1.282.305	1.282.305
оның ішінде: республикалық бюджет	1.185.580	633.638
жергілікті бюджеттер	96.725	648.667
Армян Советтік Социалистік Республикасы	1.206.364	1.206.364
оның ішінде: республикалық бюджет	1.041.623	575.429
жергілікті бюджеттер	164.741	630.935
Түркмен Советтік Социалистік Республикасы	1.112.909	1.112.909
оның ішінде: республикалық бюджет	994.667	575.993
жергілікті бюджеттер	118.242	536.916
Эстон Советтік Социалистік Республикасы	1.161.446	1.161.446
оның ішінде: республикалық бюджет	1.009.786	674.411
жергілікті бюджеттер	151.660	487.035
Карел-Фин Советтік Социалистік Республикасы	853.562	853.562

Облыс партия активінің жыйналысы

9 және 10 февралда облыс партия ұйымы активінің жыйналысы болды. Онда СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қорытындылары туралы облыстық партия комитетінің секретары Псапьяно жолдас баяндама жасады. Баяндамашы СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысында көрсетілген міндеттерге толық тоқталды.

Біздің облысымызда 1953 жылға жарағанда аяқ жыртыудың көлемі ұлғайды, қолхоздар жүзі егістік жоспарын артығымен орындады. Үстіздегі жылы дәнді дақылдардың егісі өткен күзге дайындалған жерлерге егіледі отыр, облыстың МТС-тері ауылшаруашылық жұмыстарын жұмақ жерге айналдырғанда, 1953 жылдың 1633 мың гектар артық орындады.

Сонымен қатар көптеген қолхоздар біткі егін өсіріп, егін жыйнауды кезінде өткізу үшін жеткілікті шаралар қолданады, көп астықтың шығынға ұшырауына жол берді. Толық емес мәліметтер бойынша әрбір гектардан екі центнер астық шығын болды. Егер мұндай астық шығын болмаса, астық тапсыру жоспары толық орындалып, мал шаруашылығы үшін біраз қор жасалған болар еді. Сондай-ақ облыста ауылшаруашылық дақылдарының барлық көлемде өнімділігін арттыру жөніндегі мүмкіндіктер жеткілікті пайдаланылды.

Біздің облысымыздың алдында тұрған жерлерді оған өрі пайдалану мәселеті тұр. Үстіздегі жылдың көктемінде қолхоздар мен совхоздарда 790 мың гектар тың жерлерге егін егіледі. Мұның өзі әрбір гектардан 10 центнерден өнім алған күннің өзінде 48 миллион пұт астық алуға мүмкіндік береді.

Үстіздегі жылы жүгері егісінің көлемін анағұрлым арттыру қажет. Әрбір партия, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылары, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, қолхоздардың председателдері, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері мал азығының берік базасын жасау үшін жүгерінің зор маңызын жете түсінулері керек. Көздің бастап сүрлем үшін және собықты консервілен сүрлейтін сүттеніп- қамырланған дәнді азық үшін қанша жүгері керек екенін белгілеу қажет. Жүгері егісі үшін ең жақсы өзірленген жерлерді бөліп, ең таңдаулы қолхозшылардан қажетті мөлшерде зверолар құру, сөйтіп зверо мүшелерін февраль-март айларында бұл дақылды өсірудің жолдарына үйрету, сеялаларды, жабайы жүгері отырғызыштарды өзірлеу қажет. Үстіздегі жылы жүгері өндірісін мықтап қолға алу керек.

Астық өндірісін ұлғайтумен бірге мал шаруашылығы үшін зор маңызы бар қаргоп, малазығындық қызылша, сөбіз, қант қызылшасы сияқты дақылдардың жалпы өнімін анағұрлым арттырып, шалғындардың құнарлылығын жақсарту керек.

уашылығы жұмыстың артта қалған учаскелерінің бірі болып келеді. Өткен жылда мал шаруашылығын өркендету жөнінде мемлекеттік жоспар тек шошқадан ғана орындалды.

Шешен озат екі шаруашылықтың «Путь коммунизму» және Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдерінің көрсеткіштерін хабарлай келіп, озат тажрибені кеңінен насихаттаудың, малды азықтандыруды және сүтуді жақсартудың қажеттігін айтты.

—Өткен жылдың тажрибесі,—деді онан өрі Звягин жолдас,—жүгері егісінен мол өнім жыйнауға болатынына көрсетті. Мәселен «Дозор Ильича» ауылшаруашылық артели шаршыұялап отырғанымен жүгері егісінің әрбір гектарынан бағалы жемшөптің 500 центнерден өнім алды. Осы сияқты бұл дақылдан Киров атындағы және «Путь Ленина» қолхоздары да мол өнім жыйнады.

Звягин жолдас жүгері егісінің тұқымын бөледі кешіктіріп отырған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын, фермалары механикаландыруда және электрлендіруде қажетті көмек көрсетпегені үшін селолық электрлендіру мәселесін өткір сыға алды. Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп ұйымдарының басшылары да қолхоздарды жегу әбзелдерімен қамтамасыз ету жөнінде марадымы ештеңе істей алмай келеді.

Ленин аудандық Совет атқомінің председателі Қабдунасов жолдас мал шаруашылығының жайын жақсарту жөнінде қолданылып жатқан шараларға тоқталды. Көзір бір фермаларда 95 коммунист және 100-ге жуық комсомолдер жұмыс істеп жүр. Жақында мал шаруашылығына тағы да 19 коммунист және 30 комсомолдер жіберілді. Аудан партия ұйымының активі мал өсірушілерге СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын кеңінен түсіндірді.

Жуырда мал өсірушілердің кенесі өткізілді. Бұл кенестен кейін фермаларда жұмыстың жаңа тәртібі енгізілді. Мал тәулігіне 5 рет азықтандырылып, 3 рет суарылады, сыйырлар 3 мезгіл сауылады. Социалистік жарыстың озаттары үшін ауылшаруашылық ымыралар мен қызыл тулар белгіленді. Осы шаралардың нәтижесінде қолхоздарда мал шығыны анағұрлым кемді.

—Солдай бола тұрса да,—деді Қабдунасов жолдас,—мал шаруашылығының өнімділігі төмен екенін мойындау керек. Оның себептерінің бірі мал шағылыстыруы дұрыс ұйымдастырмаудан болып отыр.

Қабдунасов жолдас өзіндік сөзінде қолхоздарға жүгерінің, тамыржемек және көпжылылық шөптердің тұқымын кезінде жеткізу және малазығындық дақылдар егісін жоспарлау жөнінде мәселе көтерді. Ол табиғи шабындықтар мен мал жайылымдарын пайдалануды дұрыс жоспарламағаны үшін облыстық жоспарлау мекемесін сынады. Мәселен 1954 жылы

қазық дайындау ісін ұйымдастыру жөнінде қажетті шеңбер сөруді ұмыт қалдырды. Дайындалған қамреты өндіріс комбинаттарының қабылдауы ұйымдастырылмаған.

Тымарь жолдас мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде МТС аймағында жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы хабарлады. Фермаларда өкі мерзімді жұмыс күшіне көшу қолайлы жағдай туғызды. Мәселен Ленин атындағы қолхозда жаңа тәртіпке көшкеннен кейін сыйырлардың құнарлылығы өкі есе артты.

—Облыстың мал шаруашылығы фермаларында,—деді ҚАБЖО облыстық комитетінің секретары Белогоренко жолдас,—көптеген комсомолдер мен жастар жұмыс істейді. Олардың басым көпшілігі еңбекте өнеше көрсеткіш жүр. Алайда бірқатар совхоздардың, қолхоздардың басшылары, бастауыш партия ұйымдарының секретарлары жастармен жеткіліксіз жұмыс істейді, олармен кеңесіп, мұқтаждарын ескермейді.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы жүгері егісінің көлемін ұлғайтуға көп назар аударды. Мұндай маңызды жұмысқа комсомол ұйымдарының белсене қатысуы үшін біз комсомол-жастардың арнаулы ояноларын ұйымдастыруды ұсынамыз. Жүгері өсіру ісіне кезінде мынаған астам комсомолдер мен жастарды бөлу қажет. Облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін ерлікті патриоттар көпінше келе бастады. Бірақ бірқатар жерлерде оларды қабылдау, тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отыр. Облыстық мәдениет басқармасы жастардың мәдени қажетін өтеу мәселесіне жетік назар аудармайды.

Қалалық партия комитетінің секретары Полипов жолдас өзіндік сөзінде СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына байланысты қала партия ұйымының, кәсіпорындарының алдында тұрған міндеттеріне тоқталды. Қала кәсіпорындарының күшімен үстіздегі жылы 20 мал фермалары механикаландырылады. Ол фермаларда мал азығы құпиялары, ақалы жолдар орнатылады. Сүрлем үшін орлар және құдықтар қазылады. Қаланың арақ-шарап және сыра заводтарының қалдықтарын пайдаланып, шошқа семірту пунктінің ұйымдастыру үшін мүмкінділігі бар. Полипов жолдас мұнан кейін қала кәсіпорындарының көмекші шаруашылықтарының жұмысын жақсарту, бірнеше теплицалар салу мәселелеріне тоқталды. Облыстық ұйымдар қалада ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін кәсіпорындарын, әсіресе астық үегісін, крахмал комбинаттарын, овошкөк консерв заводтарын салу мәселесін жоспарлауы керек.

Коновалов аудандық Совет атқомінің председателі Филиппенко жолдас аудан қолхоздарының өкі көлемін ұлғайтып, дәнді дақылдардың өнімін анағұрлым

жоспардағыдан 60 процент,—Коновалов МТС-інде өкі есе артық болуы мұны айтып дәлелдейді. Налобин МТС-інде бір центнер өткіз құны жоспардағыдан үш есе жоғары. Бұл мәліметтерге толық талдау жасап, МТС-тердің жұмыстарын өнімнің сапаны мен сапасына ғана емес, сонымен қатар өзіндік құнына қарай бағалау керек.

Мамлют аудандық Совет атқомінің председателі Жарғал жолдас өзіндік сөзінде мал шаруашылығының қанағаттанғысыз жайы жөнінде аудан басшыларына айтылған сынды мойындады.

—СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы қолхоздарда мал шаруашылығының өнімдерін арттыру ісінде машина-трактор станциялары шешуші роль атқаратынын атап көрсетті,—деді Ильич атындағы МТС-тің директоры Букатин жолдас. Біз, МТС қызметкерлері мұндай жоғары бағаны мақтан еміз. Пленум қаулысын жүзеге асыру үшін не керектігін бәрін істейміз.

Пленум қаулысын ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің зор қолдауын тапты. Бұл тарихи документті талқылауға арналған жыйналыстарда мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру жөнінде, резервтер мен мүмкіндіктерді толық пайдалану жөнінде бағалы ұсыныстар енгізілуде. Мен өзіндік сөзімде оқ ұсыныстардың ең бастыларына тоқталмақпын. Қолхозшылар мен МТС мамандары, Пленум қаулысында атап көрсетілгендей, мал қораларының күрделі құрылыстарын жүзеге асырмайынына мал шаруашылығы өркендету мәселесін шешуге болмайды деп есептейді. Бұл жұмыста жергілікті құрылыс материалдарын толық пайдалану мәселесіне ерекше назар аудару керек. Жергілікті құрылыс материалдары облыстың барлық қолхоздары мен совхоздарында жеткілікті. Мәселен, Ленин ауданында тасты құрылысқа пайдалану үшін толық мүмкіндік бар. Жамантау және Аманкелді атындағы қолхоздардағы тасты өндіру ісін механикаландыру қажет. Біз бұл жөнінде облыстық атқару комитеті атқомі председателінің орын басары Калинин жолдасының алдына бірнеше рет мәселе қойдық. Бірақ біздің орынды талабымыз кезінде қолдау таппай келеді. Құрылыс жұмыстарына тасты көп пайдалану үшін тасты қазып алу жұмыстарын кеңінен механикаландыру көзек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады.

Мамлют совхозының директоры Дворецкий жолдас өзі басқарып отырған шаруашылықтың мал шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі тажрибесін ортаға салды. Соңғы төрт жылда совхозда сыйырлардың құнарлылығы және мемлекетке тапсырылған сүттің өнімі өкі есе артты. Өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 3830 литр сүт сауылды. Совхоз ауылшаруашылық жылын рентабельді аяқтап, 100 мың сом пайда көрді.

—СОКП Орталық Комитетінің январь

СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ САЯСАТЫ ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙДІ

Көтеріңкі міндеттеме

Бұрынғы күні кешке қалалағы Парик коммунасы атындағы аяқкиім фабрикасының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері, мерекелендік бесендірілген қызыл мүісі үйіне жыйналды. Бұлардың барлығы ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясы қабылдаған қарарларды талқылауға келді. Фабрикалық директоры Вашилин жолдас қарарларды талқылауға арналған митингті ашық деп жариялады. Бұдан кейін Фабрика партия ұйымының секретары Бойченко жолдас жыйнағандардың назарын қабылданған Декларацияға аударды.

—ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қарарлары және онда қабылданған Декларация,—деді Бойченко жолдас,—совет халықтарымыз баянды бейбітшілік үшін пайдандылықпен күресіп отырғандығын толығымен сыпаттайды. Ал Америка Құрама Штаттарының, Англия тағы басқа да капиталистік елдердің соғыс-күрмарлары күні бүгінге дейін совет халықтарының және демократиялық елдердің еңбекшілерінің мүдделеріне қарсы келетін империалистік жұмыстарды ашықтанашық жүргізіп келеді. Олар жаңа соғыс өртен тұтатуды аңсай. ССРО мен халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған блоктар мен топтар сапын күн өскен сайын көбейтуге тырысуда. Бұл агрессорлар көзін күнде халықты жаншай құрып жоятын атом және су тегі қаруларын жаңа соғысқа қолдануды арман етуде. Міне, мұндай қаншар зұлымдардың империалистік жоспарлары тіпті де жүзеге аспайды. Өйткені, совет еңбекшілері және халықтық демократиялық елдер баянды

бейбітшілікті берік қолға ұстау үшін дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш барлық халықтарымен тығыз байланыс жасап, қажырлықпен күрес жүргізіп отыр.

Фабриканың жоспарлау бөлімінің бастығы Панкеевич жолдас өзіндік сөзінде ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қабылданған Декларациясы бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік сүйгіш халықтарының мүддесіне сай екендігін айтты, бұл Декларацияны қызу қуаттап, еңбекшілердің күнбе-күнгі көп керек ететін аяқкиімдерін мейлінше көп өндіріп, оның сапасын жақсарту, өзіндік құнды еселеп кемітуге шақырды.

Бұдан кейін өндіріс озаты Рубан жолдас сөз алды. Ол Декларацияны зор қуанышпен қарсы алып, өзіне міндеттелген еменалық өндірістік тапсырманы 300 процентке дейін орындап, жоғары сапалы өнім беруге сөз берді. Фабрика коллективі өткен бір айда жоспардағыдан тыс 1 мың пар шым өндіріп, Декларация күрметіне үстіміздегі айда өнімді бұдан әлдеқайда көп шығаратындығын айтты.

Фабриканың барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы қабылданған Декларацияны бірауыздан құттықтап, қарсы алды. Олар еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, өзіндік құнды кемітуге, өнім сапасын жақсартуға, ол үшін фабрикада күні бүгінге дейін пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкінділіктерді тауып іске қосуға, техника үшін, жұмыс уақытын тиімді пайдалануға міндеттенді.

Еңбегімізбен бейбітшілік ісіне үлес қосамыз

Біздің «1-май» кәсіпшілік артелінің тігіншілері мен қызметшілері ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясының қарарларын, онда қабылданған Декларацияны зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Сессия қорытындысына арналған коллективтің жалпы жыйналысында артельдің тігіншілері мен қызметшілері сессияда қабылданған 1955 жылдың Бюджетін, Совет үкметінің сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдады.

Бұл жыйналыста сөз сөйлеген артельдің мотористкасы комсомолка Сима Гуева жолдас Совет үкметінің бейбітшілік саясатын қызу қуаттады. Біздің еліміздің халықтары Ұлы Отан соғысының ауыр күндерін, өз Отанының төуелсіздігі үшін құрбан болған жауынгерлерді ешуақытта да ұмытпайды. Біз бейбітшілік адамдарымыз, біздің бейбіт Отанымызға қол сұғықан агрессордың қайсысына болсын тойтарыс береміз. Олардың атом қаруы туралы қокан-тоққысы совет адамдарын қор-

сол сияқты, жыйналыста шығын сөйлеген жаншай киім тігу цехының мастері Рая Атеншина, мастер-Гая Осипова және басқалары ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясының қарарларын шын жүректен қуаттап, оған жауап ретінде өндірістік көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Коллективтің бірауыздан қабылданған қаулысында: Коммунистік партияның бейбітшілік сүйгіш саясатын шын жүректен қолдаймыз, оған жауап ретінде февраль айының өндірістік тапсырмасын 110 процент етіп асыра орындаймыз, өнімнің өзіндік құнын арзандатып, еңбек өнімділігін арттыра береміз, делінген.

Біздің «1-май» кәсіпшілік артелінің коллективі өдерінің алған уәделеріне берік. Олар қажырлы еңбегімен бүкіл дүние жүзі халықтары көксеп отырған бейбітшілік ісіне өз үлесін қосады. Туған Отанымыздың көркейі беруі, қорғаныс-қорғандық қабілетінің нығая беруі, халқымыздың өлдіуакаты мен материалдық түр-

Біздің облысымыздың мал өсірушілері қоғамдық малдың санын көбейтті, оның өнімділігін арттыруда кейбір табыстарға жеңілдік болды. 1953 жылдың 1 октябрінен 1954 жылдың 1 октябріне дейін барлық шаруашылық секторлары бойынша сыйыр малы 4,6 процент, соның ішінде сауын сыйырлар — 10,4 процент, қой — 9,2 процент, шешке — 44 процент өсті. 1953 жылмен салыстырғанда әрбір сауын сыйырдан қолхоздарда 260 литр сүт, совхоздарда 280 литр сүт артық сауылды. Мұның өзі облыстың қолхоздары мен совхоздарына өткен жылы 1953 жылға қарағанда мөмлекетке етті, сүтті, жүнді бірқатар артық тапсыруға мүмкіндік берді. Алайда облыстың қолхоздары мен совхоздары мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдалана алмай келеді.

Өткен жылы қоғамдық малдың өсуі тым төмен болды, малдың көп шығын болуына мәлім берілді. Әсіресе Ленин, Октябрь, Мамлют және Приенім аудандарында мал шығыны өте көп болды. Сондықтан бұларда мал саны көзір едәуір азайып кетті. Бұл аудандардың басшылары Патюкко, Мушин, Плевако, Рабдунасов жолдастар облыстың партия комитетінің төртінші пленумының қаулысынан тиісті қорытынды шығармай, мал шаруашылығына нашар басшылық етуде. Олар көбінесе мал қыстауды үлгілі өткізудің ұйымдастырушысы емес, малдың шығын болуы фактісінің тіркеушілері болып келеді.

Бейтарап қолхоздар мен совхоздарда сауын сыйырлардың қуарлығы өзі де болса өте төмен. 1954 жылы әрбір сауын сыйырдан жоспар бойынша 1550 литрдің орнына, небары 1286 литр ғана сүт сауылды. Сүт сауу мәшһері, әсіресе Ленин ауданының қолхоздарында төмен болып отыр. Облыстың едәуір қолхоздары мен совхоздары мөмлекетке қоны төмен малдарды тапсырудан бірқатар зиян көрді. Мал шаруашылығындағы басты мәселе сапа жағы, оның өнімділігі болып табылады. Мал шаруашылығындағы басты мәселе сапа жағы, оның өнімділігі болып табылады. Мал шаруашылығындағы басты мәселе сапа жағы, оның өнімділігі болып табылады.

Мұнан кейін баяндамашы мал азығының базасын нығайту, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру, оны дайындау, ауыл шаруашылығына басшылық дәрежесін және деревняда партиялық-саяси жұмыстарды жақсарту жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Баяндамадан кейін жарыссөз басталды. Соколов аудандық Совет атқомінің председателі Зягин жолдас бірінші болып сөз алып, былай деді:

—СОБП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулыларын жүзеге асыра отырып, аудан партия ұйымы кейбір нәтижелерге ие болды. Тың және тынайған жерлерді игеру, зыб жырты жоспарлары артығымен орындалды. Екі көлемі 1953 жылмен салыстырғанда 15 процент артты. Аудан қолхоздары өткен жылы мөмлекетке астық тапсыру және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарлары артығымен орындалды. Мөмлекетке астық, сүт және ег сату жөніндегі тапсырмалар артығымен орындалды. Алайда мал шар-

уашылығының қолхоздарына 90 мың тонна шөп дайындау жоспары белгіленген болса, быйыл ол небары 44 мың тонна ғана болып белгіленіп отыр. Бұл жоспарға қарасақ малдың теңжартысы азықсыз қалатын түрі бар.

Шешен қала кәсіпорындары селоба көмекті белгілі бір науқан кезеңінде ғана көрсетіп отырғанын атап өтті. Мұндай көмек, әсіресе егін жыйнау кезінде болады да, мұнан кейін ұмыт қалады. Қолхоздарды қамқорлыққа алған жөнінде орындары мал шаруашылығында еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде зор көмек көрсетуге тиіс.

—Мал азығының берік базасын жасау мәселесі, — деді Петропавл аудандық Совет атқомінің председателі Маслоза жолдас, — дереу шешілуге тиіс. Бұл үшін тымражеміс шөптерін өңдеуді және жыйнауды механикаландыру мәселесіне баса назар аудару қажет. Бұл міндетті шешуде МТС-тер зор роль атқаруға тиіс. Солай бола тұрса да Асанов және Петропавл МТС-терінің директорлары мал азығының базасын жасау мәселесінен тыс қалып келеді. Олар бұл жұмысты тек қолхоз председателдерінің міндеті деп есептейтін көрінеді.

Мал қораларының құрылысына біздің көмекті қарауымыз мал шаруашылығының өнімділігін арттыру міндетіне нұқсан келтірмей отырмай жок. Көп жерлерде мал қоралары жабайы. Сондықтан оларда еңбекті көп қажет ететін процесстерді механикаландыру, автоматты суарғыштар мен сыйыр сауу үшін электр агрегаттарын орнатуға мүмкіндік жок.

Ауданда 6 қолхоздың мал суаруы қышқылды түсіп отыр. Облыстық су шаруашылығы басқармасы Чапаев атындағы, Сталин атындағы қолхоздарға арнаулы бригадалар жіберді. Бірақ, ол бригадалар құдықтарды тиісті жобалар бойынша қазды.

Совет МТС-нің директоры Лымарь жолдасқа сөз берілді.

—Станцияның аймағындағы қолхоздарда, — деді ол, — қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру ісін жайы қанағаттанғысыз болып отыр. Өйткені мал жеткіліксіз азықтандырылады. Тек шөп, шөпмен ғана малдың өнімділігін арттыруға болмайды. Өткен жылы «Совет» қолхозында 42 гектар жүгері егісі өгілді. Бұл алаңнан 2700 центнер жоғары сапалы мал азығы жыйналды. Осы тажірибені пайдаланып үстіміздегі жылы аймақтың қолхоздары жүгері егісін барынша кеңейтуді, сөйтіп мал азығының берік базасын жасауды басты міндеттерінің бірінен санайды.

Мұнан кейін шешен жыйналысқа қатысушылардың назарын мал қораларының құрылысы және қамал дайындау мәселелеріне аударды. МТС 4 мың текшеметр қамыс дайындалды. Мұндай бағалы құрылыс материалын анауарым көп дайындауға болатын еді. Бірақ, амал не, біз қамыс дайындау жөнінде әуекақты тек декабрь айының аяғына ғана, қардың қалыңдығы 20 сантиметрден асқан кезде ғана алдық. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары осы күнге дейін жергілікті жерлерде болып,

әрбір гектардан 9,4 процент өнім жыйнады.

СОБП Орталық Комитетінің Пленумы таяудағы жылдары егін жыйнауды 8—10 жұмыс күні ішінде өткізу міндетін қойып отыр. Комбайн паркінің үнесі толығын бұл міндетті үстіміздегі жылдың өзінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бірақ бізде дөңгезартқыш машиналар жеткіліксіз. Осының салдарынан өткен жылы егін жыйнау науқаны ұзаққа созылды. Жергілікті өнеркәсіп орындары дөңгезартқыш машиналарды көптеп шығаруға тиіс.

Филипповка жолдас облыстық партия комитеті облыстық тұтынушылар қоғамы мен «автотракторбыт» мекемесінің жұмысына жете назар аудармай отырғанын айтты. Бұл мекемелердің басшылары Писсуков пен Жданович жолдастар облыстық комитеттің пленумдары мен партия конференцияларында арқашан сыналғып келеді. Алайда олар орындары сынан тиісті қорытынды жасаған жоқ. Облыстық комитет бұл басшылардың тапсырылған жұмысқа жауапкершілігін арттыру керек.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Кротов жолдас көктемгі егіс пен егін жыйнау жұмыстарына тыңғылықты әзірленуді қажеттігіне тоқталды. Жабдық қырандардың құрылысына көзірден бастап кірісу қажет. Бұл жұмысқа, әсіресе МТС директорлары көп назар аударуға тиіс. Облыс қолхоздары үстіміздегі жылы жүгері егісін бес есе арттырады. Бұл дақылды шаршы-ұялап отырғызу үшін құмыралар жасау ісін тездету керек. Мұның бәрі — МТС-тің ісі. Бірақ бірқатар станциялардың директорлары бұл шараларға көмекті қарап жүр.

—Ауыл шаруашылығы басқармасы, — деді онан әрі шешен, — жұмыстың бұл саласында инициатива көрсете алмай келеді. Рас, біздің мекемеден жергілікті жерлерге көмекті егіске азық, мал қыстау маусымының жайын жақсарту жөнінде көптеген бұйрықтар мен нұсқаулар жіберіледі. Бірақ ол нұсқаулар ұйымдастыру жұмысымен нығайтылмай отыр.

Коробов жолдас мал шығынына жол беріліп отырған Полуень, Мамлют және Ленин аудандарының басшыларын қатты сынады.

—Ленин аудандық партия комитетінің секретары Плевако жолдас облыстық партия комитетінің жұмырда болып өткен пленумында мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде ауданда қолданылып отырған шаралар туралы көп айтты, — деді Коробов жолдас, — бірақ көзір фактілер оның сөзін қолға шығарады. Плевако жолдас пленумда айтылған сынан тиісті қорытынды шығармады. Ауданда мал шаруашылығының өнімділігі төмен, мал шығыны өзі де бұрынғыдай, көмінен жоқ.

Нәнен ауылшаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын көмту мәселесіне көп назар аударды.

—Біз елімізге ауылшаруашылық өнімдерін неғұрлым көп, әрі арзан беруге тиістіміз. Алайда бірқатар жерлерде өнімнің өзіндік құны жоғары болып отыр. Мәселен Куйбышев атындағы МТС-те дәнді дақылдар өнімнің өзіндік құнын

өздерінің күшіне сенеді. Біз, артель тігіншілері, өзіміздің қажырлы еңбегімізбен бейбітшілік ісіне үлес қосамыз. Мен февраль айының тапсырмасын 150 процент орындауға міндеттенемін.

Сөз жоқ, жемшөп базасы мал шаруашылығын өркендетудің негізі болып табылады. Бірақ мал өнім алу үшін малды қалай болса солай көп азықтандыру қажетті нәтиже бермейді. Жемшөптің әртүрлі болуы, жабайы азық пен құнарлы азықтардың араластырылып берілуіне, концентраттардың жеткілікті болуына қамқорлық жасау керек. Үстіміздегі жылы совхоз әрбір сауын сыйырма 40 центнер сүрденнен шөп, 20 центнер тамыр және 15 центнер картоп дайындады. Біздің жұмысымыз мұнымен бітпейді. Біз Солтүстік Қазақстанның жағдайында жаздың алғашқы жартысында жайылымнан малдың көкшөпшен қамтамасыз етілмейтінін еске алып, бұл мерзімде малды қажетті мөлшерде көкшөпшен қолдан азықтандыру шарасын жүзеге асырамыз.

ККП облыстық комитетінің секретары Лосев жолдас өзінің сөзін деревнядағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайына, СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын еңбекшілерге кеңінен түсіндіру міндетіне арнады.

—Хрушев жолдасдың баяндамасында До Кучаев атындағы совхозда бұқаралық-саяси жұмыстың қанағаттанғысыз жайы туралы айтылған сын өте орынды, әрі өзі сын болып табылады, — деді ол. — Мұндай фактілерді облыстың кейбір басқа да қолхоздары мен совхоздарынап жездестіруге болады.

Лосев жолдас Приенім ауданының мал фермаларында, қолхоздарында көрнекті үгіт жеткіз қасы екені жөнінде, мал өсірушілер үшін әңгімелер мен лекциялар және баяндамалар сирек ұйымдастырылатынын, көп жерлерде үгітшілердің болмайтыны жөнінде мысалдар келтірді. Қызылскер және Москворецкий совхоздарында жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық қажетін өтеу жұмысы нашар ұйымдастырылған.

Облыс партия ұйымының алдында тұрған зор міндеттер бастауыш партия ұйымдары секретарларының, әсіресе үгітшілердің құрамын барынша жақсартуды қажет етеді. Бұл жұмысқа ең сауатты, саяси даярлығы мол жолдастарды ұсыну қажет.

Жарыссөзде Полуень аудандық Совет атқомінің председателі Засыпкин, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің орынбасары Лысенко, аудандық партия комитетінің Куйбышев МТС аймағы жөніндегі секретары Рыбанов, Преснов совхозының аға зоотехнигі Серода және басқа жолдастар сөз сөйледі.

Облыс партия ұйымы активінің жыйналысы СОБП Орталық Комитеті Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысын жүзеге асыруға қамтамасыз етуге бағытталған шаралар белгіленіп, қаулы алды.

өздерінің күшіне сенеді. Біз, артель тігіншілері, өзіміздің қажырлы еңбегімізбен бейбітшілік ісіне үлес қосамыз. Мен февраль айының тапсырмасын 150 процент орындауға міндеттенемін.

ВАГОНШЫЛАР МИТИНГІСІ

Вагон жөндеу цехының ұста цехына 600-ден астам жұмысшы жыйналып, митингі өткізді. Олар митингіде ССРО Жоғарғы Советі қабылдаған Декларацияны талқылап, Совет Үкметінің сыртқы саясатын бірауыздан мақұлдады.

Декларацияның текстісі оқылғаннан кейін бірінші болып мастер Петров жолдас сөз алды. Ол былай деді:

—ССРО Жоғарғы Советінің сессиясында қабылданған қарарлар бізді жүрек болжарлық қуаныш сезіміне, Отанымызға деген мақтанш сезіміне бөледі. Жоғарғы Советте бекітілген Бюджет халқымыздың материалдық және мәдени әл-ауқатын одан әрі арттыра беруді, ауыр индустрия негізінде халық шаруашылығының басқа да салаларын өркендетуді, сөйтіп Отанымыздың экономикалық күн-куаты мен қорғаныс қабілетін барынша нығайта түсуді көздеп отыр.

Еліміздің сыртқы саясаты дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнатуға негізделген. Біз атом қаруын кезенген есуауастардың жаңа соғыс өртің тұтандыруға

ген қарқымен еңбек ете береміз.

А. ПОЛЯЕВА.
Қалдағы «1-май» кәсіпшілік артели партия ұйымының секретары.

„Комсомолка“ тігін фабрикасында

Фабриканың үшінші цехының залында жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің ССРО Жоғарғы Советінің Декларациясын талқылауға арналған митингісі болып өтті. Декларацияның текстісі бастауыш партия ұйымының секретары Попова жолдас оқыды.

Механикалық цехтың бастығы Ермотина жолдас сөз сөйледі. Мен, — деді ол, — Декларацияны шын жүректен қуаттаймын. Совет үкметінің сыртқы саясаты біздің халқымыздың және бізбен достас басқа елдердің де халықтарының түбірлі мүдделерін бейнелейді.

Біз — бейбіт еңбектің адамдарымыз. Коммунистік партияның және Совет үкметінің басшылығымен біз коммунистік қоғамның салтанат құруына қарай сеніммен алға баса береміз. Бұл жолда бізді

еңіміздің де қолдан-қолдысы тоқтата алмайды. Ол өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын, қабылданған міндеттеменің аярымен орындауы үшін фабрика жұмысшыларын еңбек өнімділігін өсілеп арттыруға шақырды.

Жұмысшылар Непомнящая, Черепанова және басқалары өндірістік бір айлық тапсырмаларды 150-200 процент орындап жүргендіктерін айтты және басқа жұмысшыларды ардайым жоғары көрсеткіштерге жетісіп отыруға шақырды.

Фабрика коллективі өздерінің алдында тұрған міндеттемелерді Советтердің сайлауы күніне дейін орындап шығу, партия мен үкметтің көрсетіп отырған қажырлығына ең жақсы жауап болады деп тапты.



СУРЕТТЕ: ССРО Жоғарғы Советі екінші сессиясы қабылдаған Декларацияны талқылауға арналған Петропавлдың «Комсомолка» тігін фабрикасында болып өткен митингіде моторшы Клавдия Баталович (оң жақта) сөз сөйлеп тұрған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Коммунистер мен партияда жоқтар

блогінің кандидаттары

ОНЫ ӨСІРГЕН—ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК

Жақында № 328 Петропавл-Өнеркәсіп сайлау округінің сайлаушылары Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп металл өңдеу зауыдының озат тоқарі Тамара Сергеевна Секачева жолдасты тіркеді. Бұл жұртшылық көрсетіп отырған аса зор сенім—оның Отан иілігіне арнаған қажырлы еңбегіне берілген үлкен баға, зор құрмет.

1943 жыл. Сүбікті Отанын фашист ақышшыларынан қорғау үшін халқымыз өздерінің таңдаулы ұлдарын аттандыруда. Солардың бірі болып Тамараның ағасы Николай да майданға аттанды. Майданға аттанар ағасында ол Тамараға:



—Тамара, семьяға ақылшы болар алды сенсін. Есіңде болсын, заводтағы мейің станогімді саған тапсырамын, орнымды жоқтап, — деген еді.

15 жасар Тамара аттанып бара жатқан ағасын қыймаушылық сезіммен тұрақ көз жасын жұшпен тыя отырып,

—Түсінідім, аға,— деп қана жауап берді.

Айтып жеткен аға сөзі, өзі күнде көрін жүрген барлық адамдардың күш-жігерлерін жексеруін жауды жеңуге жұмылдырып отыраандығы жаста болса Тамараны көп ойландырды. «Мен жұмыс істеуге иісіпін» деген қорытындыға келді ол ақырында. Бірақ оны бірден заводқа жұмысқа ала қоймады. «Жасың, оқуың керек» дегенді айтты завод басшылары. Дәл осы кезде қаладағы ФЗО мектебіне оқушылар қабылдайтындығы жөнінде хабар естіген ол бөлектен сол мектептің тоқарлар дайындайтын бөліміне оқуға түсті.

Ол мұнда мастер Останконың басқаруымен тоқарлық өнерге үйрне бастады. Оған үзбей оқу, іздену керек болды. Қызы күндерде Отанымыздың жеңіске жетуіне өзінің үлесін қосуға ұмтылған, партиямыздың «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранымен рухтанған жігерлі жас бұл қыймыштылықты да жеңе білді. Сөйтін, ол 1944 жылы ФЗО мектебін үздік бітіріп, 4-разрядты тоқар мамандығына ие болды.

—Құттықтаймын, Тамара! Мектептегідей заводта да алдыңғы қатарлы боларсың. Оз мектебінің атына кім келтірмес-

геріс енгізсе, әрбір детальды бірден және неғұрлым жылдам дайындап шығаруға болмас па еді» деп ойлағанды ол. Бұл жөнінде еңбектес жолдастарымен, тәжірибелі тоқарлармен кеңесті. Тамараның ойы елар да ұғатты және оны іске асыруға өздерінің көмектерін аяған жоқ. Коллектив көмегінің нәтижесінде Тамара ойға алған ісін орындап шықты. Оның ұсынысы бойынша детальдар бір станоктың өзінде бірден дайын болып шығатын болды. Мұндай жағдайда жұмыс мерзімі екі еседен астам қысқартылды және өнімнің сапасын арттыруға мүмкіншілік туы. Ал жұмыс уақытын қысқарту — тапсырмаларды тағы да көптеген деталь дайындаудеген сөз. Тамара Сергеевна қаһарман халқымыздың дұшпанын қарсы ерік күресіне өзінің алғашқы үлесін осылайша қосқан еді.

Тамара Секачева жұмыс процестерін жылдамдату, өнімнің сапасын арттыру жөнінде бұдан былай да көп ізденіп, өндіріске тағы да көптеген жаңашыл ұсыныстар енгізді. Бұрын Тамара жұмыс істейтін станокта өңделген детальдарға резьба жасалмайтын. Бұл жұмысты орындау екінші бір адамға тапсырылатын. Секачева жолдасы бұл екі операцияны бір-ақ адамның атқаруына болатынын және оның өте тиімді екенін дәлелдеп берді. Сөйтін ол завод бойынша бір мезгілде бірнеше станокты қамтудың инициаторы болды. Осылайша жұмыс істеу Тамараның сменалық тапсырманы 150-180 проценттен асыра орындауына жағдай туғызды.

Табысты күндер осылай өтіп жатты. Әрбір өткен күн Тамараға жаңа жеңіс, жаңа қуаныш әкелді.

...Завод партия комитетінің секретары Веселовскийдің жұмыстан кейін парткомге келіп кетсін деген шақыруын естіген Тамара оған бірден түсінген жоқ. Кабинетке кірген оны секретарь орынан тұрып, күтімдей қарсы алды. —Зор қуаныштымыз Тамара Сергеевна, — деді ол Секачеваның қолын қысып, — еңбектегі үздік табысың үшін сені № 328 Петропавл-Өнеркәсіп сайлау округінің еңбекшілері Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ұсынып,

Төл алуға әзірлік

Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхоз мал өсірудегі жауапты кезең—төл алуға жақсы әзірлікпен кірісті. Төл үйлері күшігері жөндеді. Олардың ішінде бөлшектер, желікшалар, жақсы жабдықталған отықтар бар. Төлге арналған құнарлы азықтармен жем жеткізілді.

Кәзір колхозда төл алу науқаны басталды. Колхозшы әйелдер Т. Бөйтенова, К. Қойшыбарина, Ы. Раббасова жолдастар өздерінің сүйікті жұмыстарына асқан ынталылықпен кірісті.

Төл алу науқанына, әсіресе, қой фермасындағы мал күтушілер жақсы әзірленді. Шопан Е. Сақтағанов жолдасы қармағындағы 600 саулықтың желіндегендерін бірыңғай бөліп, олардың ұлғайтылған раціон бойынша азықтандырылуын қамтамасыз етуде. Кәзір мұнда 20 саулықтай 20 қозы алынып, аман өсірілуде.

Төл алу маусымының ойдағыдай өтуі үшін колхоз басқармасы толық мүмкіншілік туғызып, бұл іске тәжірибелі мал өсірушілерді жіберді. Сөйтін мал басын төл есебінен көбейтуге барлық жағдай жасалуда.

М. ЖҰМАНОВ.

Озат малшылар

Ленин ауданындағы «Орталық» ауылшаруашылық артелинің шопандары қойларды зоотехникалық-малдәрігерлік өрежелерге сай күтуде. Кәзір ферманы А. Мейірманов, Ш. Шалабаев, С. Сүйінов, М. Ысқақова жолдастар шопан болып жұмыс істейді. Олардың қарамағында 500 қой бар. Қоздайтын қойлар басқа қойлардан бөлек күтіледі. Кәзір қойлар қоздай бастады. Қоздаған қойларды күту қарт шопан Иманбаев жолдасы тапсырылды. Колхоз шопандары өздерінің қарамағындағы қойларды қыстан қозды, аман шығаруға міндеттенді.

Н. ЖӘМЕНОВ.

Қарт жылының Өтегенов қыстың аязды, бұран-шашынды күндеріне қарамастан қарамағындағы 300-ге жуық жылқыны аман, шығынсыз бағуда. Ол өзінің қажырлы еңбегі үшін колхоз басқармасынан тағайындалған сыйлық алды. Жылқышының қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, ол өткен жылы Москвадағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты. Жылқышы Өтегеновтің еңбегіне қосымша ақыға ақпадан басқа бір жылқы берілді.

Ш. НУРҒОЖИН.

Жүк машиналарын сатып алды

Жданов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) 1954 жылғы кірісі 1953 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық артты. Мұның өзі екі жүз машинасы және бір жеңіл «Победа» машинасын сатып алуға мүмкіндік берді. Мұнымен бірге екі мотор және басқа да ауылшаруашылық машиналары мен құрал-саймандары сатып алынды.

Колхозда құрылыс жұмыстары да айтарлықтай жүргізілуде. Колхозшылар үшін жөндеген тұрғын үйлер салынды. 350 бас

Көктемгі егіске әзірлікте алдыңғы қатарлыларға теңелейік!

Жөндеу жұмысы тез, сапалы орындалуға тиіс

Партиямыз бен үкіметіміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде қойып отырған талаптарын бұлжытпай орындау жолында Куйбышев атындағы МТС-тің механизаторлары көрнекті жұмыстар жүргізді. Олар көктемге қажетті жерді түгел дайындады. Мыңдаған гектар тын және тынайған жерлер игерді. МТС атында кәзір осы табысты баиянды етудің шешуші кезеңі — көктемгі егіске әзірлік маусымы тұр. Өйткені көктем егісінің держесінде, агротехникалық мерзімде аяқталуы трактор және топырақ өңдегіш саймандардың тез әрі сапалы өңделуіне байланысты.

Куйбышев атындағы МТС-тің механизаторлары Интернационал МТС-і механизаторларының көктемгі егіске әзірлікті держесінде сапалы аяқтауға шақырған үндеуін қызу қуаттап, ауылшаруашылық техникасын жөндеу жұмысын мерзімнен бұрын аяқтауға міндеттенген болатын. МТС коллективі бұл міндеттеніп іс жүзінде орындап та келеді, трактор жөндеудің төртінші тоқсандық жоспары толық орындалды. Жөндеу қарқыны январь айында да бөсеңдетілген жоқ.

Жөндеу жұмысында тоқар В. Калашников, ұста Н. Бедан және И. Попродский жолдастар айналай еңбектеніп келеді. Олар сменалық тапсырмаларын үнемі 1,5—2 есе артық орындап жүр. Сондай-ақ радиатор жөндеу цехы да жұмыс қарқынын барған сайын арттыра түсуде. Бұл цех кәзірде өзі мастерскойға қажетті радиаторды жөндеп үлгеріп келеді. Тракторларды құрастыруда істейтін Талетов, Савлущенко жолдастар да істе үлкен ынталылық көрсетуде.

Трактор және тіркеу саймандарын жөндеуде Заговородок мастерскойның меха-

ник, тоқар және трактор бригадирлері есеуді еңбек сіңіргенін атап көрсетуі қажет. Бұл мастерскойдың коллективі трактор жөндеудің басқуінің графиктерін бұлжытпай орындап келеді. Мұнда топырақ өңдейтін машиналар түгелдей жөнделген. Кәзір олар жөндеуге үстеміе 13 трактор сеялкасын алды. Жұмыстың барлық цехтар мен мастерскойларда қолға қызу алынуы жөндеу жұмысының қарқынын арттыра түсті. Кәзір МТС-те 105 трактор жөндеді. Тек соңғы онкүндікте ғана жөндеуден шыққан трактордың өзі — 12. Мұнымен бірге, МТС-те топырақ өңдейтін машиналарды жөндеу ісі де ойдағыдай жүргізіліп келеді. Бұл күндері МТС-те 108 сеялка, 138 плуг, 61 культиватор және 10 ауылшылық жөндегіш жұмысқа әзір тұр.

Дегенмен МТС-те трактор және топырақ өңдейтін саймандарды жөндеуге бар мүмкіншіліктің толық пайдаланып отырылмағанын атап айту керек. Соңғы кездерде машина-трактор станциясына қосымша екі тоқар, станоктары түсті. Демек, жөндеу жұмысының қарқынын бұрынғыдан да шапшаңдата түсуге жағдай туды. Амаз қашпа, бұл құралдар әлі күнге іске қосылмай басқа тұр. Ал мастерскойда көптеген тоқарлар басқа жұмыстарда жүр. Жөндеу жұмысындағы аса жауапты үлестік — тоқарлар жұмысына бұлайша қараушылыққа мүлдем тезуіге болмайды.

Бұл айтығандармен бірге, Куйбышев атындағы МТС-те шығыр табанды тракторларды көш жөндеу сыяқты қате практика орын алған. Өйткені мұнда, шын мағнасында, шығыр табанды қуатты тракторларды жөндеуге әлі кіріскен де жоқ. Рас, бір «С—65» тракторы мас-

терскойға декабрь айы ішінде ақ өкелінген еді. Не пайда, ол әлі күнге жөндеілмеген. Шығыр табанды тракторлар жөндеу жұмысының мұнша сабау жүруін МТС басшылары облыстан қосалқы бөлшектер аз келеді деп дәлелдемек болады.

Жұрыда болып өткен тексеру анықтарындай, МТС-те жөндеуге тракторлардың дұрыс іріктеліп алынбайтындығын, жөнделген тракторларда ақау жіберілгендігін жасыруға болмайды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының инженері Быба жолдасы қатысқан тексеруде жөндеген тракторларды жөндеуге 15-20 ақаудан жіберілгендігі анықталды. Ақау, әсіресе механик Дайыров жолдасының басқаруымен жөндеген тракторларда жиі кездеседі.

